

2011 жылы жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 16 мамырдағы N 253 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 7 маусымда N 14-6-136 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы N 57 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімінің 2012.01.13 N 57 хатымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 1 тармағы 14 тармақшасына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20 бабына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 11 бабы 2 тармағы 3 тармақшасына және Қазығұрт аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 22 желтоқсандағы «2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» № 38/279-IV санды шешіміне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылы жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрлері мен мөлшерінің тізбесі осы қаулының қосымшасына сай белгіленсін.

2. Әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу "Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы жүргізілсін.

3. Осы қаулының қосымшасына сай 2011 жылы жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрлері мен мөлшерінің тізбесіндегі 6, 7, 9, 10 жолдарындағы әлеуметтік көмектер (біржолғы және ай сайынғы) өтініш білдірген айдан, бірақ әлеуметтік көмекті тағайындау үшін негіз болатын жағдайлардың пайда болуынан бұрын емес тағайындалсын.

4. Әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы

шешім қабылдауда аудан әкімдігінің жанындағы азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі комиссияның ұсынысы ескерілсін.

5. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру бюджетте осы мақсаттарға қарастырылған сомалар шегінде "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша жүргізілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г. Ж. Тағаеваға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.С.Алиев

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 16 мамырдағы

N 253 қаулысына қосымша

2011 жылы жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрлері мен мөлшерінің тізбесі

№	Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттары	Әлеуметтік көмектің түрлері мен мөлшері	Тағайындалу мерзімі
1.	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне біржолғы материалдық әлеуметтік көмек	10 000 (он мың) теңгеден	2011 жылдың маусым айы
2.	Ұлы Отан соғысы қатысушыларының жесірлеріне біржолғы материалдық әлеуметтік көмек	10 000 (он мың) теңгеден	2011 жылдың маусым-шілде айлары
3.	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне және тылда еңбек еткен адамдарға мерзімді басылымдарға тегін жаздыру түріндегі әлеуметтік көмек	«Қазығұрт тынысы», «Оңтүстік Қазақстан», «Южный Казахстан», «Жанубий Казахстан», «Дала мен Қала», «Рейтинг», «Қазығұрт айнасы» мерзімді басылымдарына	2011 жылдың II жарты жылдығы
4.	Тіркеуде тұрған жалғыздікті 80 жастан асқан қарттарды қолдау мақсатында зейнетақысына қосымша ай сайын қосымша әлеуметтік көмек;	бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде	2011 жыл бойы
5.	Жалғыздікті қарттарға, мүгедек балаларға, 100 жасаған аналарға 1-10 – Қазан Халықаралық қарттар және мүгедектер		2011 жылдың қазан айы

	күніне орай жылына бір рет дәрі-дәрмек алуға біржолғы материалдық әлеуметтік көмек	2000 (екі мың) теңгеден	
6.	Жүріп тұруы қиын мүгедектерді арнаулы жүріп-тұру құралдарымен (кол арба) қамтамасыз ету түріндегі әлеуметтік көмек	31 000 (отыз бір мың) теңгеден	2011 жылдың маусым–желтоқсан айлары
7.	Ұлы Отан соғысы қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілгендерге облыс көлеміндегі санаторий-курорттық емдеу ұйымдарына жолдамамен қамтамасыз ету түріндегі әлеуметтік көмек	42 000 (қырық мың) теңгеден	2011 жылдың маусым–шілде айлары
8.	Жан басына шаққандағы орташа айлық табысы белгіленген кедейлік шегінен төмен әлеуметтік көмекке мұқтаж нысаналы топтағы адамдарға азық–түліктің қымбаттауына байланысты ай сайынғы әлеуметтік көмек	0,5 (жарты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде	2011 жыл бойы
9.	Қиын өмірлік жағдайға ұшыраған (табиғи апат, өрт, су тасқыны және т.б. төтенше жағдайлардың құрбандары) және туберкулез, АҚТҚ инфекциясын жұқтырған нысаналы топтағы адамдарға біржолғы материалдық әлеуметтік көмек	қажеттілігіне қарай комиссия ұсынысы негізінде	2011 жылдың маусым–желтоқсан айлары
10	Жан басына шаққандағы орташа айлық табысы белгіленген кедейлік шегінен төмен әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыға біржолғы материалдық әлеуметтік көмек	90 000 (тоқсан мың) теңгеден	2011 жылдың маусым–шілде айлары